

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЫ-ФАРАБИ



**«ЗАҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»**

атты ғылыми-әдістемелік семинар  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

20 қазан 2012 ж.



**МАТЕРИАЛЫ**  
научно-методического семинара  
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ:  
ТРАДИЦИИ И НОВАЦИИ»**

12 октября 2012 г.

Алматы 2013



проектілерді ұйымдастыратын елшіліктердің өкілділіктерімен, шетел компаниялармен бірлесіп жұмыс жасау, компания өкілдері мен шетел оқытушыларын лекциялар оқуға шақырту, халықаралық орталықтардағы жұмыстарын жақсарту мақсатында студенттердің ұсыныстарын мен идеяларын қолдау;

5. Әлемдегі әр түрлі елдерден қоғам қайраткерлері мен саяси қайраткерлердің келуі және сөз сөйлеуі;

6. Бағдарламалар мен жобаларда қатысу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу мен тапсыру жұмыстары бойынша кәсіби кеңестік көмек беру;

7. Әріптес ЖОО-дары мен өкілдіктердің ұсынып білім мен ғылыми бағдарламаларының презентацияларын ұйымдастырып өткізіп тұру.

**Әл-Фараби атынағы ҚазУУ-нің  
Заң факультетінің қылмыстық құқық,  
қылмыстық іс жүргізу және  
криминалистика кафедрасының  
ассистенті құқық магистрі Арын А.А.**

## **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қазақстан Республикасы тәуелсіз демократиялық мемлекет бола отырып мемлекеттің түрлі салалары мен қоғамдық өмірін қамтиды. Мемлекеттің негізгі қызметтерінің біріне құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мен заңдардың сақталуын қадағалау, қылмыспен және өзге де құқықтық бұзушылықтармен күресу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жатады.

1988 жылдың сәуір айында білім жөніндегі Бүкілодақтық Кеңестің Президиумы университеттерінің заңгерлік факультеттерінің және заңгерлік институттарының оқушыларын оқыту үшін «Кеңес Одағы заң қорғау мекемелері» деген пәнді енгізу туралы шешім қабылданды. Қазіргі кезде пәннің ағауы «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары». Құқық қорғау мекемелерінің мемлекеттегі және қоғамдағы орнын, міндеттерін білу жалпы заңдылық мәдениеттілігінің маңызды жағы болып табылады. Сонымен қатар, заң мемлекетінің болуы құқық қорғау мекемелерінің құқықтарын және міндеттерін мазмұнымен себептелетін заңға

сүйенген және заңды орындау мақсатымен атқарылатын қызметіне байланысты, сондықтан сот, прокуратура және басқа құқық қорғау органдарының заң бұзушылықтарын жою, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау, заңдылықты және заң тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өкілдіктерін, қызмет бабын білу маңыздылығы кем емес болады.

Оқу жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәні заң факультетінің барлық оқу нысанындағы студенттері оқитын арнайы заң ғылымдарының негізгілері болып табылады.

Бұл пәннің негізгі мақсаты студенттерге келесідей курстарды: қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық, азаматтық және басқа да құқық салаларын меңгеруге қажетті білімдерді беру, сондай-ақ кез-келген саладағы заңгердің кәсіпқойлық іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруына көмектеседі.

«Қазақстан Республикасының құқықорғау органдары» курсының оқытушылық пәні болып құқық қорғау органдары туралы алғашқы мәліметтер, олардың әрекетінің негізгі бағыттары, сот, прокуратура, алдын-ала тергеуді, анықтауды, жедел-ізвестіру әрекеттерін жүзеге асыратын органдарының құқықтық жағдайы, құрамы, құрылымы, міндеттері, қызметтері, құзыреті табылады.

Студенттер мынадай сот билігі, әділсот, прокурорлық қадағалау, алдын-ала тергеу мен анықтау органдарының жүйесі және т.б. түсініктерін нақты білуі тиіс. Бұл түсініктерді меңгермей, қылмыстық іс-жүргізу, азаматтық іс-жүргізу және басқа да құқық салаларының мәнін, бағыттары мен мазмұнын ұғыну мүмкін емес.

Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру мен олардың іс әрекеті қатан заңмен реттелген. Сондықтан да, бұл пәнді меңгеру үшін соған сәйкес нормативтік құқықтық актілерді оқу қажеттілігі туындайды. Өйткені, әдебиеттерде сол нормативтік құқықтық актілерді толығымен көрсету мүмкін емес. Студенттер нормативтік құқықтық актілерді оқумен қатар, ол заңдылықтардың өзгеруі мен толықтырылуына назар аударып, жаңа нормативтік актілердің шығуын қадағалап отыруы тиіс.

Қазіргі кездегі білім жүйесінің ақпараттануы жаңа оқу құралдарын жасауды талап етуде. Оларға электронды оқу құралдарын (ЭОҚ) жағқызуға болады. Көп жағдайда электронды оқулықты жауаптары бар сұрақтар жиынымен жабылған жай ктаптың көшірмесі түрінде елестетеді. Мұндай көзқарас қарапайым, дәл емес және қарастырылып отырған құбылыстың барлық ауқымын қамти алмайды. Ол компьютерлік оқу құралдарының оқушылардың когнитивті саласына потенциалды әсер ету мүмкіндіктерін толық бағалай алуымен байланысты.



Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз ақпараттық қамтамасыз және білім беру сияқты интеллектуалды сфераларда сапалы түрде жана өнім, қызмет жасау үшін мультимедия және телекоммуникация құралдарын қолданып, ақпаратты сандық түрде алу, жинақтау, сақтау, іздеу, өңдеудің ауқымды ғылыми технологиялары.

Қазіргі кезде жоғарғы оқу орындарында «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәнін оқыту процесінде жаңа ақпараттық технологияларды, компьютерлерді, компьютерлік оқу бағдарламаларын және ақпарат алмасу желісінің болуын қажет етеді. Осы компоненттер бірігіп оқушының өзіндік жұмысын және оның оқу материалымен жұмысын қадағалауды қамтамасыз етіп, ақпараттық-жаобдылық оқу ортасын құрайды. Оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану жөнінде әртүрлі ойлар айтылууда. Бірсулер оны мадақтаса, екіншісі мойындамайды. Бұл көзқарастар осы салыстырмалы түрде жаңа саладағы субъективті тәжірибенің шектілігімен түсіндіріледі. Осы сала бойынша объективті баға тек берілген тақырып жөнінде мәліметтердің үлкен көлемін саралаудан кейін ғана қойылуы мүмкін.

Мультимедиялық оқыту бағдарламалары видео, текст және дыбысты үйлестіріп, біпмді көрнекі көрсетудің барлық мүмкіндіктерін толық қолдануға жағдай жасайды. Оқу материалын визуализациялау ерекше маңызды, себебі қазіргі студенттер білуі қажет ақпарат көлемі өсіп бара жатқан кезде компьютерді кең қолдану оқу процесінің тиімділігін оны көрнекі және алуан түрлі қылу арқылы арттыруға көмектеседі.

Оқу орындарында ЭОҚ-н жасау, енгізу, қолданудың бірегей концепциясын құру: студенттер мен оқытушылардың қажет оқу құралымен қамтамасыз етілуін жақсарталы;

оқу процесін сапалы түрде жақсартатын, ақпаратты беру және қорытудың қосымша жүйелерін қолданудың арқасында білім сапасын көтеруге;

оқу және біліктілік деңгейін көтеру жүйесіне қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар енгізу арқылы оқытушылардың біліктілігін арттыруға;

түрлі процесстер мен құбылыстарды модельдеуге;

оқу процесін жетілдіру бойынша басқа білім ордаларымен сайысқа түсіп, оқу орнының бәсекелестік қабілетін көтеруге;

әрбір студентке жеке әдіс-тәсіл қолдануға;

оқу мәліметін визуальды демонстрациялауға және т.б. мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
факультетінің қылмыстық құқық,  
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика  
кафедрасының з.ғ.к., доцент  
Г.М. Атаханова

## СТУДЕНТТЕРГЕ ҚУҚЫТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. Осыған байланысты оқытудың басты мақсаты әрбір студенттің өз тәжірибесін, мүмкіндіктерін, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына жан-жақты жағдай туғызу болып табылады.

Құқықтық білім беру аясында бүгінгі мамандарды құқық жөніндегі білімді тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар құқықтық және педагогикалық мәдениетті алып жүруші тұлға ретінде қалыптастыру маңызды. Студенттер менгерген білімдері мен әрекет ету тәсілдерін қайта жасаушы емес, оларды жаңа жағдайда өзбетінше пайдалана біліп, менгергендерін жаңа оқу және практикалық міндеттерді шешуде пайдалана білулері қажет, яғни қайталаушы емес, керісінше қайта жасаушы әрекетті орындауға әзір болуы керек.

Болашақ заңгерлерді кәсіби даярлау жүйесіндегі маңызды қатарлардың бірі. Ол студентті теориялық оқыту мен оның болашақта өзбетінше әрекет етуге әзірлігінің арасын байланыстырушы қатар. Құқықтық оқу тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізу – оның дамуы мен қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін барлық құрама бөліктерінің өзара байланысымен, кіріктірушілігімен сипатталатын бұл бір тұтас үдеріс. Заңгерлерді даярлау жүйесінде оқу тәжірибелерін жетілдіруге мемлекеттік деңгейде де баса назар аударылууда. Оған дәлел Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін оқу жоспарларындағы көсіптік практиканың үлесі 60 %-ға дейін ұлғаятын болады» деп атап көрсетілген

## СОДЕРЖАНИЕ

Алимулов Е. Т. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН .....	3
Ақболатова М.Е. ВОЛОТЕРСТВО КАК ЭФФЕКТИВНАЯ ФОРМА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ .....	7
Аратұлы К. СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ .....	9
Арын А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕМЕСІ .....	12
Атаханова Г.М. СТУДЕНТТЕРГЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИМДІЛІГІ .....	15
Базилова А.А. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ .....	17
Баялидина М.О. ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ .....	19
Баялидина М.О. ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕКЦИОННЫХ ЗАНЯТИЙ ПО КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ .....	26
Бижанова А.Р. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ .....	28
Бисенғали Л. СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ВРЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	32
Даубасова С.Ш. К ВОПРОСУ ОБ УПРАВЛЕНИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТОЙ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ДИСЦИПЛИН УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ЦИКЛА .....	38
Джансарова Р.Е. ИННОВАЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В КРИМИНАЛИСТИКЕ .....	44
Дүзбаева С.Б. ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ .....	48
Жарболова А. ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТПЕ» ОҚУ КУРСЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІГІ .....	50
Жетібәев Н.С. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМНІҢ ОРЫНЫ .....	54
Избасова А.Б. ЗАҢҒЕР МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ОҚЫП ЖАТҚАН СТУДЕНТТЕРГЕ БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	56
Кусайнова А. МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИЗУЧЕНИЮ ДИСЦИПЛИНЫ «ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЕ ПРАВО» В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА .....	60
Мухамалиева Г.Н. ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ПРАКТИЧЕСКИХ (СЕМИНАРСКИХ) ЗАНЯТИЙ .....	64
Нұрмағанбет Е.Т. ПРОФЕССОРЛЫҚ – ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ АРАСЫНДАҒЫ РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ .....	69
Сатыбалдинов Д.Д. ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАК ОСНОВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ .....	71
Шопабаев Б.А. ВИДЫ И ФОРМЫ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ .....	77
Таубаев Б.Р. МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	77

*Ғылыми басылым*

**«ЗАҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРДІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»**

атты ғылыми-әдістемелік семинар

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**20 қазан 2012 ж.**

**ИБ № 6365**

Басуға 01.04.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 5,375 б.т.  
Офсетті қағаз. Санлық бағалыс. Тапсырыс № 454. Тарауымы 40 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы,  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.